

Түркістан облысы
Шардара ауданы
«Асыл-Бұлан» бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы

Кеңес

Хаттамасы

2021-2022 жыл

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

№01

09.09.2021 ж

Шардара қаласы

Қатыскандар: -9

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы) :
2. Педагогикалық кадрларды орналастыру
3. Топтардың санитарлық жай күйі
4. Жас мамандарға тәлімгер тағайындау.
5. Балалардың даму деңгей бастапқы мониторинг

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі: М.Пазилбекова барлық топтардың оқу жылына дайындығын тексеріп шықты. Ересек «Қызғалдақ» тобы тәрбиешісі әр топта көрнекі құралдар бала санына сай тугелденген. Топта ата- аналар бұрышы, табиғат бұрышы бар екенін атап өтті.

Кемшілігі: Кимылды ойын атрибуттары аз, көрнекіліктер жаңартылуы тиіс. Табиғат бұрышы жеткілікті дәрежеде әсемделуі тиіс. Осындай кемшіліктер, айтылып өтті. Ортанты «Балауса» тобы тәрбиешісі. С.Тулимакова Ойыншықтар жеткілікті. Топта ата - аналар бұрышы, табиғат бұрышы бар. Балаларға сабақ барысында қолданылатын уәдестірмелі көрнекіліктер турлі материалдар бар.

Кемшілігі: топта бала сабақты жете түсінуі үшін үлестірмелі көрнекіліктер жаңартылу керектігін айтып өтті.

«Жұлдыз» тобы тәрбиешісі Қ.Шындәлі топта ойыншықтар толық жеткілікті. Топ зоналарға бөлінген көрнекі құралдар мен үлестірмелі материалдар білім салаларына сай дайындалған.

Кемшілігі: Бала жасына сай сабақ барысында қолданылатын көрнекілігі аз. Дидактикалық ойындары жанртылмаған.

Осы кемшіліктерді саралай келе Меңгеруші тәрбиешілерге бір ай мерзімінде орындауды, толықтыруды тапсырды. Тәрбиешілер толық келісті.

2. Тыңдалды: балабақша меңгерушісі М.Пазилбекова тәрбиешілерді жасына сай топтарға бөліп орналастырды.

Мад «Қарлығаш» топ тәрбиешісі:, М.Салимбекова

Ересек «Қызғалдақ» топ тәрбиешісі: Б.Махамбетова

Ортаңғы «Балауса» топ тәрбиешісі С.Тулимакова

Кіші «Жұлдыз» топ тәрбиешісі С.Танирбергенова

2 кіші «Балдырған» топ тәрбиешісі Қ.Шындәлі

3. Тыңдалды: Балабақшада алты топ бар осы аты топтың барлығында санитарлық талаптар сақталған. Әр топта қол жууға сұйық сабын, маска, антисептик т.б. заттар жеткілікті. Әр баланың жеке - жеке таза майлықтары бар. Сонымен қатар бір реттік майлықтарда қарастырылған. Медбике санитарлық талаптардың қатаң орындалуын қадағалап отыратындығын айтып өтті.

4. Тыңдалды: жас мамандарға тәлімгер бекіту туралы меңгеруші айтып өтті.

5. Тыңдалды: Әдіскер С.Тулимакова тәрбиешілерден балалардың даму деңгейі жайлы сұрады. Тәрбиешілер балаларды білім игеру деңгейі бойынша бағлап қорытынды жасады. Сондай ақ даму деңгейі төмен балаларға білім деңгейін теңестіру мақсатында ерекше көңіл бөліп жатқандығын айтып өтті. Бала тиісті білім алу үшін дәстемеге сай көрнекіліктермен, ойын түрінде сабақ өткізілсе баланың ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілеті тез дамитынын айтып өтті.

Шешім:

1. «Топ бөлмелерінің дизайндық безендірілуі» шолу тексеру нәтижесі бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын. Мерзімі 16.10.2021ж дейін.
2. Педагог қызметкерлер ез деңгейінде жұмыс атқарсын.
3. Балабақшада санитарлық талаптар қатан сақталсын.
4. Жас мамандарға жыл бойы жұмыс барысында әдістемелік көмек көрсетілсін.
5. Баланың білім алу сапасы жақсартылсын. Білім беруде кемшіліктер жойылсын.

Кеңес төрайымы



Ж.М.Пазилбекова

Хаттшы :

Қ.Р.Шеримкулова

ХАТТАМА

№ 02

03.11.2021ж

Шардара қаласы

Қатысқандар-9

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімін талқылау
2. «Алтын күз» еретңгілігінің сценаріі бекітілсін.
3. «Ай сайынғы балалардың балабақшаға катысуы мен денсаулық сараптамасы» салыстырудың қорытындысы
4. Президент күні және тәуелсіздік күні, жаңа жыл бағдарламасын бекіту.

Тындалды: балабақша әдіскері С.Тулимакова меңгеруші жанындағы кеңеске қатысушылармен өткен кеңестегі мәселелерді талқылап, қорытындылады. Өткен кеңестің шешімі бойынша Барлық топтарда карантин талабына сай жұмыс жүргізілі жатқаны және тазалау куралдарының жеткілікті екені айтылды.

Сонымен қатар тіл апталығына орай өткізілген «Тілім менің тірегім» атты өткен ертенгіліктің жақсы және кемшілік тұстары талқыланып келесіде кемшіліктің орны толықтыратынын тәрбиешілер айтты. Сондай ақ тіл апталығында бала өміріне қауіп төнбегендігін айтты.

~~қорытындылады. Өткен кеңестің шешімі бойынша Барлық топтарда~~

Апталықты өткізудегі мақсат өскелең ұрпақ санасына ана тілін игеруді, құрметтеуді санасына сіңіру болатын.

2. Тыңдалды: «Әдіскер мен тәрбиешілер болып алдағы өтілетін мерекелі ертенгіліктердің сценарилары тексеріліп өтілетін мерзімдері бекітілді. «Алтын күз» мерекесі осы айдың 29-ы күні бекітіліп күні анықталды. Әдіскер А.Сулейменова барлық мерекелерге жоғары деңгейде дайындалып өткізу керектігін тапсырды. Тәрбиешілер келісті.

3. Тыңдалды: балалар ай сайын балабақшаға қалмай келіп жатқанын барлығының денсаулық паспорты түгел екендігі балалардың ойын бөлмесінде, жатын бөлмесінде тазалық шаралары сақталған. Балалар ас ішкенде басқа жағдайларда да қолдарын жуып таза ұстайтын балалардың денсаулығымен тазалығын қадағалап отырғанын медбике айтып өтті. Алайда бастапқы айға қарағанда балалардың көбі ауырып қалып жатқандығы емделіп келіп жатқандығы айтылды.

4. Тыңдалды: Әдіскер тәрбиешілерге президент күні мен жаңа жыл бағдарламасын анықтап сценарийін бекітті. «Президент күні» 02 желтоқсанда ал, тауелсіздік мерекесі 15 желтоқсанда өткізілетін болып шешілді. Содан соң жаңа жылдық кешімізді 28 желтоқсанда өткізетіндігі айтылды. Барлық Тәрбиешілер келісті.

Шешім:

1.Балалардың денсаулығын қадағалау және шектеу шаралары қатаң қадағалансын.Сақтық шаралары жүзеге асырылсын.

2.Мерекелі ертенгіліктердің сценарийі бекітіліп,өзденгейінде өтуін қадағалау топ тәрбиешісіне қалдырылсын.

Кеңес төрайымы:



Ж.М.Пазилбекова

Хаттшы :

Қ.Р.Шеримкулова

Хаттшы :

Қ.Р.Шеримкулова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА

№03

12.01.2022 ж

Шардара қаласы

Қатыскандар: -9

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңес шешімін талқылау
- 2.»Күннің I-жартысындағы күн тәртібін ұйымдастыру» жедел бақылау
- 3.Мониторнг
- 4.Ересек топта қоршаған ортамен танысуда зерттеу.(Салыстырмалы бақылау)

Тыңдалды: 1.балабақша әдіскері А.Сулейменова меңгерушісі жанындағы кеңеске қатысушылармен өткен кеңестігі мәселерді талқылап,қорытындылады.Өткен кеңестің шешімі ббйынша. Барлық топтарда карантин талабына сай жұмыс жүргізіліп жатқаны және тазалау құралдарының жеткілікті екені айтылды. Сондай ақ өткен айда ортанғы «Бвалауса» тобында және ересе «Құлыншак» тобында өткізілетін «Алтын күз» ертеңгілігі

талқыланды. Ертеңгілік жақсы деңгейде өткізілді. Ертеңгілік барсында ешқандай бала өміріне өауіп төнетін жағдай болмағандықтан сөз етілді. Ертеңгілікке жіберілген кемшіліктер айтылды. Баланың ойдағыдай киінуі қадағалануы тиіс еді. Алайда тәрбиеші апайлар келесіде бұндай кемшіліктер болмайтынын айттып өтті.

2.Тыңдалды:Әдіске А.Сулейменова «Асыл-Бұлан»ЖШС балабақшасында балалардың күнделікті қалмай келуіне жағдай жасалынғанын айтып өтті.Балалар таң ертең бақшаға елгенде медбикенің бақылауынан өтетіндігін сонымен қатар топ тәрбиешілері таң ертегі жаттығу жасатып күннің сәтті өтуіне жағдай жасайды.Ән ұран айтады.Балалар сапалы таңғы ас ішеді.Сабақ кестесіне сәйкес жас ерекшелігіне қарай сабақ өтіледі.Балалар ойын ойнайды,түскі ас ішіп ұйқыға жатады.

3.Талқыланды:әдіскер А.Сулейменова Тәрбиешілерден балалардың білім деңгейіжайлы сұрады.Тәрбиешілер өз тобындағы балалардың білім деңгейі жайлы баяндайды.Топта тез үйреніп тез есте сақтап алатын балалар бар екендігін айтып өтті сонымен қатар даму деңгейі орташа баяу балалармен өзінің икемділігі қабілетіне қарай жұмыс жүргізе отырып ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілетін арттыратынын тәрбиешілер айтты

4.Тыңдалды:ересек топ тәрбиешісі: Б.Махамбетова балаларды қоршаған балаларды қоршпған ортамен таныстыруда табиғатты әрбір жаратылысқа зерттеу жүргізгендігін айтты. Ағаштың жапырақтарына, гүлдерге, сумен ауаға, аспамен күнге зерттеу жүргізу арқылы баланың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаны ластамау қажеттігін үйреттік. Балаға экологиялық тәрбие беру барсында біз баланы адамгершілікке, сыпайылыққа сонымен қатар мәдениеттілікке баулыдық.

Шешім

1. Балалардың денсаулығын қадағалау және шектеушаралары қатаң қадағалансын. Сақтық шаралар жүзеге асырылсын.
2. Балалардың күннің бірінші жартысындағы күн тәртібі өз деңгейінде өткізілсін. Балалардың ауырып қалмауы мен сапалытамақтануын қадағалау мейірбикеге тапсырылсын.
3. Балаларды табиғатқа саяхат жасатуда сақтық шаралары қолға алнсын.

Кеңес төрайымы

Ж.М.Пазилбекова

Хаттшы

Қ.Р.Шеримкулова



Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА №04

02.03.2022 ж

Шардара қаласы

Қатыскандар: -9

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімін талқылау
2. Шығармашылық жобалардың өтілу барысы» тақырыпты тексеруді қорытындылау.
3. Мерекелердің өткізілуін талдау. Наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту.
4. Қабылдау кезінде тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас

1. Тындалды: 1.балабақша меңгерушісі М.Пазилбекова меңгеруші жанындағы кеңеске қатысушылармен өткен кеңестегі мәселелерді талқылап, қорытындылады.

Өткен кеңестің шешімі бойынша Барлық топтарда карантин талабына сай жұмыс жүргізілі жатқаны және тазалау құралдарының жеткілікті екені айтылды. Баланын ойдағыдай киінуі қадағалану тиіс еді. Алайда тәрбиеші апайлар келесіде бұндай кемшілік болмайтынын айтып өтті.

2. Тыңдалды: «Қарлығаш» тобынын тәрбиешісі М.Салимбекова ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағыларын арттыру тақырыбында шығармашылығын дамыту үстінде балаларға ертегілерді сахналап беру, айтып беру арқылы баланың танымын ашады. Ертегіні көрген баланың айтылым, тыңдалым, сөйлеу дағысы арта түсетінін тәрбиеші атап айтып өтті.

3. Тындалды: балабақшамызда аналар мерекесіне орай өткізілген «Ана-емір Шырағы» атты іс-шарамызды өткізуге балабақшамыздың тәрбиешілері бар ынтасымен атсалысқандарын айтым өтті. Әдіскер А.Сулейменова мерекелі

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №05

20.05.2022

Катыскандар: -9

Меңгеруші жанындағы кеңестің №05 отырысы

Күн тәртібі

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзіреттілігін қалыптастырудың қорытынды мониторинг нәтижесі.
3. Тәрбиешілер портфолиосын реттеу.
4. Жазғы маусыға арналған іс-шараларды бекіту.

Тындалды: Бірінші маселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Пазилбекова сөз алды. Өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Жоспар бойынша мезгілімен өткізілген денсаулық іс-шаралары жақсы ұйымдастырылып өз дәрежесінде өтті. Ата-аналармен қарым-қатынас тузіліп жақсы нәтижелер қорсетілді. Мерекелердін өткізілу жақсы деп қорытынды жасалды. Қоршаған ортамен таныстыруда танымдық және зерттеушілік дағдыларын дамытуда бірнеше тәжірибелік-эксперименталдық әрекеттер ұйымдастыру барысында қолданылды. Денсаулық сақтау технологияларын әр топта баланың жасына қарай қолданды. Өткен кеңестің шешімдерін қорыта келгенде қанағаттанарлық деп баға берілді.

Тындалды: Екінші маселе бойынша топ тәрбиешілері сөз алды. II-жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзіреттілігін қалыптастырудың қорытынды мониторинг нәтижесін қорытындылады, Қорытынды мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндірін өтті. Қорытынды бақылау әр жастағы топтың мәліметі негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірлесе отырып баланың жеке даму деңгейін анықтайды, сондай ақ алдағы жылы балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады. Қорытынды бақылау мамыр айының жирмасына дейін жасалуы керек.. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастақы, аралық, қорытынды) топ тәрбиешілері өз топтарына қорытынды жасады. Мониторинг жаңа үлгі бойынша берілген критерийлерге байланысты белгіленіп жасалды. Бастапқыда балалар біліктілік дағдылары төмен деңгейде көбірек болса, аралық мониторингте балалар біліктілігінің игеруі орташа деңгейге көтерілді, ал

қорытындыда жоғары деңгейге жетіп жақсы нәтиже көрсетті және осы жылы май айында балалардың жеке дамуын әр топ тәрбиешілері өздерінің аққуынты арқылы Балаларды ерте дамыту институты сұранысы бойынша жиырмамыншы мамырға дейін электронды түрде тапсырды. Мониторинг электронды түрде және қағаз түрінде әдіскерге тапсырылды. Балабақша әдіскері балабақша бойынша қорытынды мониторинг жасап ауданға тапсырды. Сонымен қатар әр топ тәрбиешілері жыл бойына жүргізген жұмыстарының нәтижесін мерекелік ертеңгіліктер, ашық сабақтар, іс-әрекетке арналып жасалған үлестірімелі материалдар көрнекілік материалдарды, балабақшада өткізілген сайыс, жарыстардың жұмыстарымен суреттерін жинақтап жетістіктерімен курстан өткен сертификаттарын тәрбиеші портфолиосына реттеп жинақтап салып балабақша әдіскеріне тапсырды. Тәрбиешілердің жыл бойына атқарылған жұмысына балабақша меңгерушісі қорытындылай келе жақсы деген баға берді. Сонымен қатар кемшіліктерді де ескеріп түзетуге шақырды.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Пазилбекова сөз алды. Ұжымды оқу жылын жақсы аяқталуымен құттықтап жақсы тілегін білдірді. Жазғы маусымға арналып іс-шараларды бекіту жазғы маусымдары балабақшаның жұмысы. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру туралы айтты. Бассейінді тазалау құмдарды ауыстыруды да айтып өтті. Жаз айларындағы шынықтыру шараларын өткізуді тәрбиешілер мен мейірбикенің қатысумен өткізуді тапсырды. Меңгерушісі М.Пазилбекова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жаракаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты. Жоспар бойынша жасалған балабақшаның жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының жоспарын бекітті. Бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

Шешім

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қадағатталады.
2. Қорытынды мониторинг бойынша деңгейді балалармен жеке жұмыстары өтті. Жаз айларындағы шынықтыру шараларын өткізуді тәрбиешілер мен мейірбикенің қатысумен өткізуді тапсырды. Меңгерушісі М.Пазилбекова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жаракаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты. Жоспар бойынша жасалған балабақшаның жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының жоспарын бекітті. Бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.
3. Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сақталсын.

Балабақша меңгерушісі



Ж.М.Пазилбекова

Хатшы:

Қ.Р.Шеримкулова

Меңгеруші жанындағы кеңес

ХАТТАМА №06

04.07.2022 ж

Шардара қаласы

Қатыскандар: -9

Күн тәртібінде:

1. өткен кеңестің шекшімінің орындалуы
2. жаңа оқу жылына дайындық
3. «Жазғы сауықтыру шараларының жүргізілуі» шолу тексерілуінің қортындысы.
4. №1 Педкеңеске дайындық

1. Тындалды: Балабақша меңгерушісі М.Пазилбекова және медбике У.Бабаева өткен кеңестің шешімінің орындалуына есеп айтты. Балалардың балабақшаға келгеннен үйіне қайтқанға дейінгі қауіпсіздігі және олардың денсаулығы, жіті қадағаланды. Балалар сапалы тамақтандырылды. Тамақтанар алдында міндетті тазалық шараларын күнделікті жүргілді. Балалардың тазалығын медбике күнделікті бақылауда ұстады. Балалар күннің бірінші жартысындағы күн тәртібі бойынша қатаң жұмыстар жүргізілді. Әдіскер тарапынан жіті қадағаланды.

2. Сөз сөйледі: Балабақша меңгерушісі М.Пазилбекова 2023-2024 оқу жылына дайындығы жөнінде сөз қозғады. Жаңа оқу жылында жылдық жоспар бойынша балалардың ой-өрісінің дамуына үлес қосатын, олардың достыққа, шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелей білетін сонымен қатар баланың денсаулығы мықты қалыптасып, бұлшық еттерін дамытатын спорттық іс-шаралар, ата-анамен қарым-қатынасты нығайтатын іс-шаралар, тренингтер, жиналыстар турлі сурақ - жауаптар арқылы байланыс жасау, Жеке баланың қабілетін аша білетін ойын түріндегі сабақтар мен мерекелік бағдарламалар т.б. құрылатындығы айтылды. Тәрбиешілер келісті.

3. Сөз сөйледі: меңгерушісі М.Пазилбекова жаз мезгілінде балабақшада өткізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Ең алдымен бірінші маусым балалар күні әдемілеп іс-шара ұйымдастыру керектігін, ол жерде балаларға мерекелік көңіл

күй силау керектігін айтып өтті. Сонымен қатар балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығы аса сақтықпен қорғауы керектігі айтылды. Сапалы қатысыра отырып өмірге деген көз қарасын кеңейткендігін айтты. Бір жыл бойы балалардың ата-анасымен тығыз қарым -қатынас жасай отырып баланы жан-жақты тәрбиелеуге қосқан үлесін де ерекше айтып өтті. Балабақша әдіскері М.Пазилбекова бір жылдық оқу барысында ересек топ тәрбиешісінің атқарған жұмыстарын бақылап тәрбиешігі алғыс білдірді.

Шешім:

1. Балалардың денсаулығын қадағалау және шектеу шаралары қатаң қадағалансын. Сақтық шаралары жүзеге асырылсын.
2. Балалардың күннің бірінші жартысындағы күн тәртібі өз деңгейінде өткізілсін. Балалардың ауырып қалмауы мен сапалы тамақтану.
3. қадағалансын. Медбикеге тапсырылсын

Кеңес төрайым



Ж.М.Пазилбекова

Хаттшы :

Қ.Р.Шеримкулова